



№96 (9879)
3 желтоқсан,
сенбі
2022 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Қызылорда облысы

Жалағаш
ауданы

Аймақ жаңалықтары



Азық-түлік қоры жеткілікті

Аймақта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру үшін биыл облыстық бюджеттен 3 300 млн теңге бөлінген. Жыл бойы халықты азық-түлікпен тиімді бағада қамтамасыз ету мақсатында «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының тиімді жобаларының арқасында бірқатар жұмыс жүйелі жүзеге асты.

Жыл басынан бері тұрақтандыру қорына 11218,2 тонна азық-түлік тауарларын сатып алуға 1 925,8 млн теңге жұмсалған. Осы орайда «Байқоңыр» корпорациясы қызылордалық тауар өндірушілердің де өнімдерін сатып ала отырып, баға тұрақтандырумен қатар халықты жергілікті өніммен қамтамасыз етуді қолға алып отыр. Осы орайда қор Жалағаш ауданындағы «Ер-Әлі» шаруа қожалығынан 100 тонна картоп алуға шарт жасасқан.

— Жергілікті кәсіпкерлердің өнімін халыққа ұсыну ішкі нарықтағы айналым бағытын көтереді, сырбойылықтардың өз өнімін тұтынуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде шаруаларға өнімді өзге облыстарға жібермей, сыртқа экспорттамай өңірде қалдыруда тиімді болмақ. Қазіргі таңда 100 тонна картопты «Ер-Әлі» шаруа қожалығынан сатып алуға келісім-шарт жасалды. 35,12 тоннасы қоймаға жеткізілді. Бүгінгі таңда тұрақтандыру қорында 310,2 млн теңгені құрайтын 1218,1 тонна қант, қарақұмық жармасы, өсімдік майы, күріш, картоп, бірінші сортты ұн т.б. өнім қоры бар. Қытымыр қыста халықтың қажетті, басты өнімдерді әлеуметтік дүкендерден алуына мүмкіндігі бар, — деді «Байқоңыр» ӘКК АҚ Басқарма Төрағасы Самат Нұрахметұлы.

Апта кетейік, әлеуметтік дүкендер мен сауда орындарындағы өнімдердің бағасына күн сайын мониторинг жүргізу мақсатында қоғам тарапынан бекітілген жауапты қызметкерлермен тұрақты бақылау жүргізіледі. Бүгінде барлық әлеуметтік дүкендерде 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары белгіленген бағада сәреде тұр. Сондай-ақ әлеуметтік дүкендердегі өнімдердің бағасы нарықтық бағадан төмен. Тауарларды көтерме сатып алу және қайта сату фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ өнімдерді әрбір отбасына жеткізу мақсатында тапшы тауарларға шектеу бар. Мәселен, бір сатып алушыға нан 3 дана, қант 1 кг, картоп 3 кг, сәбіз 2 келіден беріледі.

«ЖОЖ» ақпарат

Саусақ бірікпей, ине ілікпейді

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов бір аптада барлық ауылдарды аралап, тұрғындар алдында есеп берді. Ауыл халқы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беріп, алда жүзеге асатын жобаларға да көңілі толғанын жеткізді. Аудан басшысының халық алдындағы есеп беру жиыны кент ішінде қорытындыланды. Осы аптаның ортасында Асқарбек Темірбекұлы кент тұрғындарына есеп берді. Мәдениет және өнерді дамыту орталығына халық көп жиналды.



Бұл — қазірде бұқараның саяси көзқарасының қалыптасқанын, қоғамдық құбылыстарға, әсіресе елдік істерге немісқұрайлы қарамайтынын аңғартады. Шынында халық, соның ішінде қоғам белсенділері қазірде биліктің әрбір қимылын, іс-әрекетін бағып, бақылап отыр. Бұны әлеуметтік желіден анық аңғаруға болады. Сын болсын, бірақ сын шын болсын дегендей, бұл қуанарлық жағдай, әріне. Елдің келешегіне алаңдау — әрбір азаматтың перзенттік парызы. Бірақ білгеніміз жең, елге шын жанашырлық таныту мен айрандай ұйыған елдің бірлігіне іріткі салудың жөні екі басқа...

Алайда бұл жиында аудан бойынша және кент ішінде атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар мен алдағы уақытта өз кезегімен жүзеге асатын жарқын жобалар тұрғындардың көңілінен шықты. Расымен соңғы уақытта ауданымыздың даму динамикасын арттыруға бағытталған жұмыстар өз нәтижесін бере бастады.

Соны басынан айтайық, биыл аудан бойынша 2 млрд 659 млн теңгенің 30 жобасы жүзеге асты. Атап айтсақ, ауыз су желілері, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар, көпірлерді жөндеу, тұрғын үйді күрделі жөндеу, газдандыру, жарықтандыру, абаттандыру жобалары аясында көптеген жұмыстар атқарылды. Соның ішінде кент бойынша биыл келешек жаңа сәулетті елді мекенге айналатын кенттің батыс аймағындағы Ақтерек учаскесінің су ұңғымалары және су жинау-тарату кешенінің құрылысы, сонымен бірге осы учаскеден инжнерлік инфрақұрылымның сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы

басталды. Конституция, Несіпбай Әпірезов көшелері асфальтталды, кент орталығындағы 5 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйі, мәдениет және өнерді дамыту орталығын табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықтарын қайта жаңғырту, қаржы бөліміне қазандық ғимаратын салып, жылу жүйесін табиғи газға қою және «Ақмаржан», «Құншауақ» және №19 санаториялық бөбекжайларын газбен жалыту, балалар ойын алаңдарын салу жаттығу және стритбол алаңын салу жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек демеушілердің қаржысымен де балаларға арнал ойын алаңдары жасалды. Жаңадан бой көтерген 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі пайдалануға берілді. Сонымен бірге табиғи апаттың салдарынан бүлінген Қазыбек би көшесіндегі көпөтпелі тұрғын үйдің шатыры қайта қалпына келтірілді. Ал келер жылы темір жол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір құрылысы басталды, Сырдария өзеніндегі көпірге жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары мен дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталады және кенттегі М.Шәменов көшесі асфальтталды.

Келер жылға 4,7 млрд теңгенің 46 жобасы мемлекеттік сараптамадан өтіп, қаржысы шешілді. Сондай-ақ 13,3 млрд теңгенің 24 жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға өткізілді.

Өйтсе де кент ішіндегі мәселенің барлығы шешілді деуге әлі ерте. Мәселен, есеп беру жиынында тұрғындар

тарапынан кент ішінің санитарлық тазалығына, жеке адамдардың құрылыс жүргізу барысындағы заңсыздықтарына, қоғам тыныштығына, яғни көше төбелестеріне, орталықтандырылған көріз жүйесіне, және ұзақ жылдардан бері жөндеу көрмеген көшелерге қатысты мәселелер көтерілді. Бірақ бірінші мәселе бойынша жауап берген аудан басшысы дұрыс айтты, кенттің санитарлық тазалығына тек әкімдік жауапты емес, оның жауапкершілігі де, талабы да баршамызға ортақ. Бұл жайында біз де газеттің әр санында жазып келеміз, алайда нәтиже жоқ. Кенттің әрбір тұрғыны тазалықты өз ауласынан, үйінің айналасынан, көшесінен бастаса, бұл мәселе туындамас еді. Әріне санитарлық тазалық күн тәртібінен түспейді.

Аудан әкімі жергілікті бюджет есебінен арнайы қаржы қаралмаса да, кент тазалығы үшін мүмкіндігінше әр көшеге қазыс жәшігін қойып беріп жатқанын жеткізді. Бірақ тұрғындардың оны да дұрыс пайдаланбайтыны қынжылтады. Екінші мәселе бойынша жауап берген тиісті бөлім басшылары Бұқарбай батыр мен Байбол Сопбеков көшелерінің қиылысындағы кәсіпкерлік нысанның орналасуында ешқандай заңсыздықтар жоқ екенін, құрылыс нормаларына сәйкес салынғанын түсіндірді. Ал ұсақ бузақылық төңірегінде қойылған сұраққа аудандық полиция бөлімінің басшысы Талғат Лекерев жауап беріп, полиция қызметкерлерінің қоғам тыныштығы жолында күні-түні жұмыс істеп жатқанын айтты. Аудан әкімі аталған бөлімнің басшысына әлі де төрттіпті, талапты

құшейту жөнінде тапсырма берді. Түнгі мезгілде көше төбелесіне қатысатын көбіне мектеп оқушылары. Түнгі сағат 22.00-ден кейін мектеп жасындағы бала көшеде жүрсе, полиция қызметкерлері оларға заң шеңберінде шара көруге құқылы. Сондықтан бұл орайда жауапкершілікті ата-аналар да сезінуі тиіс.

Кент ішінде орталықтандырылған көріз жүйесі жоқ. Жиында осы мәселе де көтерілгенін жоғарыда айттық. Бұл мәселе бойынша аудан басшысының өзі жауап берді. Бұйыртыса, алдағы уақытта аудандық аурухананың көріз жүйесі іске қосылады. Жоба-сметалық құжаты дайындалып, тиісті орынға өткізілген. Енді алдағы уақытта қосымша жұмыстар жасалып, кенттегі барлық тұрғын үйлер сол көріз жүйесіне қосылатын болады.

Есеп беру жиынын қорытындылаған Асқарбек Есжанов жуырда өткен Президент сайлауына белсенді қатысып, өз таңдауын жасаған кент тұрғындарына алғысын білдіріп, Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру үшін жұмылған жудырықтай бірлік керектігін айтты. Расында саусақ бірікпей, ине ілікпейді. Әлемнің «қызуы» көтеріліп тұрған дәл қазіргі қиын жағдайда бізге ең маңыздысы бірлік қана.

Қуат АХЕТОВ

Алтын ұя

Ұстаздың мәртебесі шәкірттінің талабында

Аудандағы білім саласының соңғы жылдары серпін алғанын білеміз. Білім бар жерде өрлеу де бар, өсу де бар, жетілу мен кемелдену де толастамақ емес. Біздің аудан білім саласына келгенде ауыз толтырып айтарлықтай, көпке мақтанарлықтай жетістікке жетті. Жыл сайын сынама тесттің нәтижесімен, республикалық, қала берді халықаралық білім бәйгелерінде топ жарып жүрген талапты шәкірттерімен қашанда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Осындай қарқынмен, қабілетпен, жүйелі жұмыс, жан-жақты ізденіс толастамаса, бұл саланың кенжелеп қалмайтыны анық.

Ауданның жыл қорытындысымен облыстағы білім беру орындарының ішінен озық шығып, үздік атануы да тегін емес. Газетіміздің өткен сандарында кент орталығындағы іргелі білім ошақтарының жетістігін жарияласақ, бұл жолы Жаңадария ауылындағы №203 орта мектептің тыныс-тіршілігіне тоқталмақпыз.

Алғашында бастауыш сыныптық, одан кейін сөзгі жылдық, негізгі білім беретін, ал 1970 жылдан бастап орта білім беретін білім ошағы өр жыл сайын жаңалыққа қол жеткізді. Мектеп қабырғасында беріректе 25 балаға арналған «Береке» шағын орталығы ашылды. Содан бері мектеп ұжымы бүгінгі күн талабына сай ел болашағын тәрбиелеу жолында мақсатты жұмыс істеп келеді. Аталған білім ошағында ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлдегер атанғандардың үлесі өсім алыпты. Биыл да алтын ұядағы білімді жастар бірнеше рет жеңіс тұғырынан көрініп, ұстаздарының еңбегін еселей түсті. Атап айтсақ болсақ, мектептегі 9 сынып оқушысы Ұлпан Аман-дық облыстық «Жыл оқушысы» сайысының аудандық кезеңінде III орынды, 6 сынып оқушысы Гүлсезім

Мұрынбаева «Менің отбасымдағы дәстүрлер» тақырыбындағы бейнероликтер байқауында II орынды, 7 сынып оқушысы Гүлім Жанболатқызы «Зерде» конкурсының I кезеңінің аудандық секциясында III орынды, 2 сынып оқушысы Аңсақтан Естай «Менің отбасым» аудандық сурет байқауында I орынды, 5 сынып оқушысы нұржан Қартаңбай «Отбасы енесі» бейнероликтер байқауында I орынды, 11 сынып оқушысы Әбілқайыр Айтмағанбет «Театрдың ғажайып өлемі» театр өнерінің республикалық фестивалі-байқауының облыстық кезеңінде «Үздік ер адам рөлі» номинациясы бойынша үздіктер қатарынан көрінген. Ал спортта жүрген ауыл балаларының жеңісті сәттері өз алдына бір бөлек. 8-11 сынып оқушылары арасында өткен қол күресте 60 келі салмақта жүлделі II орынды Нұртіре Жақсыбай, Мардан Зәкір 65 келіден жоғары салмақта жүлделі II орынды, Әбіш Батыржан лингвистикадан республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде III орынды иеленсе, Шерхан Сауранбек асық атудан аудандық жарыста үздіктер қатарынан көрінді.

Бұл Жаңадариядағы білім ошағының мерейін асырып жүрген оқушылардың бірнешеуі ғана. Әріне осындай жетістіктерге жету үшін оқушылармен бірге күні-түні ізденіс үстінде жүріп, олардың кішігірім жүлде-десінің өзіне шын жүрегімен қуана білетін ұлы мамандық иелерінің еңбегін де елеусіз қалдыру мүмкін емес. Біз мақалаға арқау етіп отырған Ерлан Жүсіпбеков басқаратын білім ошағында түрлі бағыттағы байқауларда, білім сайыстарында жүлделі орындарды иеленіп жүрген Ғалия Ильясова, Қанат Тұрғанов, Жазира Нұрмаханова, Жарқынбек Бостанов сынды мұғалімдер бар. Бұл ұлы мамандық иелері білім бәйгелеріне шәкірт баптап қана қоймай, айтып өткеніміздегі өздері де үздіктер қатарынан көрініп келеді. Сондай-ақ Әсия Тұрмаханова тәрбиелік шараларда белсенділік танытса, Бағжан Есенова өз шығармашылығын дамытуда «Үздік мұғалім — 2021» номинациясын иеленіп, мектеп директоры тарапынан алғысқа ие болды. Мұғалімнің кәсіби жетістіктері саралап, Қалжан Бақтыбаева үздік педагогикалық идеялар фестивалі



аясында «Шығармашыл толқын» номинациясы бойынша III орынды, Айнуір Мұрынбаева «Үздік бастауыш пәні мұғалімі — 2021» атанып, II орынды алса, облыстық «Өрлеу» орталығынан да II дәрежелі дипломға ие болды. Мектеп мұғалімі Шолпан Мұрынбаева «Үздік авторлық бағдарлама — 2021» байқауында I орын, Әлия Тұрмаханова «Үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі — 2021» III орын, «Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі — 2021» байқауында мектеп мұғалімі Әуесхан Тұрғанов «Жаңашыл мұғалім» номинациясымен марапатталған.

Мектеп ұжымы жас мамандармен толығып, бүгінде ұжымдық еңбектің нәтижесінде білім беру ошағындағы білім сапасы артқан. Мектептегі тәрбие бағытында да жасалып жатқан жұмыстар ауқымды. Кешегі

жыл қорытындысымен мектеп мұғалімдері Бағжан Есенова «Шығармашыл мұғалім — 2021», Шолпан Мұрынбаева «Жылдың үздік мұғалімі — 2021», Әсия Тұрмаханова «Сынып жетекші-көшбасшы — 2021» атанды. Ал мектеп ұжымының биылғы жетістігінің қатарында мектеп мұғалімі Б.Есенованың «Құрмет» грамотасы мен «Педагогикалық идеялар панорамасы» облыстық байқауының аудандық кезеңінен алған II орынды, мектеп мұғалімі Ш.Мұрынбаеваның осы байқаудың аудандық кезеңінен алған I орынды, мектеп мұғалімі А.Жұматаеваның III орынды бар.

Айта кету керек, аталған алтын ұяда жыл сайынғы «Мектепке жол» аясындағы қайырымдылық шарасын өткізе де дәстүрге айналған. Бұл игі істе белсенділік танытып, көмек қолын созатын демеушілердің қатарында

«Айбатыр» ЖШ, «Маулен» ЖШ бар.

«Таланттың бәрі ауылда» деген бұрыннан қалыптасқан қағида бар. Аядай ғана ауылда өсіп жатқан жастардың арманы асқақ, алға қойған мақсаттары айқын. Оны ауыл жастарымен кездесе қалсаңыз, ой-өрісі кең, ересек адамдарша сөз саптағандарынан-ақ байқайсыз. Жастардың осындай ерекше ынты-жарғының нәтижесі болса керек, спорт, білім саласында да жеңістің дәмін татып, ауыл мерейін тасытып келеді.

Ал шәкірттің жетістігі ұстаз еңбегінің жемісі, бағаланғаны деп білеміз. Еңбегің лайықты бағаланып, оқушың үмітін ақтаса, ұстаз үшін одан асқан бақыт жоқ шығар. Ал ұстаз бұл шәкірттің бағындырған әрбір биігі сол мектептің абыройын асырады.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

Кеңес

Атқарылған жұмыстар сараланды

«Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты «Аmanat» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру шеңберінде аудан бойынша биыл 4 649 ағаш-бұта екпелерін отырғызу межеленген болатын. Жоспар ауданға қарасты барлық елді мекендерде толық орындалған. «Аmanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының «Өңірді дамыту» және «Жастарды қолдау» жөніндегі қоғамдық кеңес отырысында аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Болатбек Сығайбаев осылай деді.



Аудандық мәслихат депутаты Жан-болат Тәттібаев модераторлық жасаған кеңесте 3 мәселе қаралды. Алдымен «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты «Аmanat» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жалағаш ауданы бойынша жол картасының 25, 26, 27, 28 тармақтарының орындалуы пысықталып, аудан жастарын жұмыспен қамту, оқыту және кәсіпкерлік бағдарламалардың орындалуы мен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру бойынша атқарылған жұмыстар сараланды.

Б.Сығайбаевтың сөзіне сүйенсек, «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты «Аmanat» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жалағаш ауданы бойынша жол картасының 25, 26, 27, 28 тармақтарының орындалуы көңіл көншітеді. Мәселен, жол картасының 25 тармағында ағаш-бұта екпелерін отырғызу көзделген. Биыл аудан бойынша 4649 дана қалемшелер мен көшеттер отырғызу межеленсе, жоспар толық орындалған. Аталған бөлімнің бас маманы жоспар бойынша межеленген 4649 дана ағаш биыл көркейтү-көгалдандыру жұмыстары барысында отырғызылғанын айтады. Мәселен, Жалағаш кентінде 1 459, Қарақеткен ауылында185, Ақсу ауылында 255, Бұқарбай батыр ауылында 255, Жаңаталап ауылында 150, Т.Жүргенов ауылында 255, Аққыр ауылында 255 дана қалемше мен көшет отырғызылған. Ал бүл көрсеткіш Мәдениет ауылында 255, Мырзабай ахун ауылында 255, Аққум ауылында 255, Таң ауылында 255 және Есет батыр ауылында 255 дананы құрап отыр. Мұнан бөлек Жаңадария ауылында 120, Мәрәлі Шаменов ауылында 185 және Еңбек ауылында 255 дана қалемше-көшеттер отырғызылған.

Аталған жол картасының 26 тармағының да ауданда орындалуы көңіл көншітеді. Мәселен, онда ағаш-бұта екпелерінің шығымы 65 пайыздан төмен болмауы керектігі көрсетілсе, ауданда олардың шығымы 71 пайызды құрап отыр.

Жол картасында жасыл аймақтар құруды жүзеге асыру көзделген. Жоспар бойынша алдын ала өзірленген жобалау-сметалық құжаттар бойынша 4,4 гектар жерге жасыл аймақтар орналастыру үшін 11 000 дана ағаш отырғызылу керек. Мехеден шығу мақсатында аудандық бюджеттен бөлінген 5,7 млн теңге қаражат есебінен Қызылорда қаласынан Жалағаш кентіне кіреберіс облыстық маңыздағы автомобиль жолының бойындағы 12 гектар жерге жасыл аймақ құруға жобалау-сметалық құжаттар өзірленіпті. Тіпті ол сараптамасында да өтіп қойған Жобалаушы мекеме – «Сартөбе» ЖШС.

Жоба құны 548,5 млн теңгені құрайды екен. Жобаны бюджеттен қаржыландыруға облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына 17.02.2022 жылы бюджеттік өтінім тапсырылған. Алайда бүгінге дейін жоба қаржыландырылмаған. Десе де жасыл аймақ құру үшін ауылдық елді мекендерде шаруа қожалықтардың күшімен 11 000 дана ағаш 4,4 гектар жерге отырғызылған. Оның ішінде Таң елді мекенінде – 9 500 дана, Мырзабай ахун елді мекенінде – 500 дана, Бұқарбай батыр елді мекенінде – 1000 дана. Осылайша Болатбек Сығайбаев 2022 жылдың жоспары толық орындалғанын айтады.

Жысыл аймақтың шығымы да 65 пайыздан төмен болмауы керек. Аудан бойынша онда отырғызылған ағаштардың шығымы 69 пайызды құрапты.

Басқосуда кеңес мүшелері тарапынан баяндамашыға ешқандай сауал қойылмады. Мақсат айқын, жұмыс жүйелі. Бүл сөзімізге жоғарыда айтылған сандар толық дәлел болары анық.

Бас маман кеңесте биыл 29 сәуірдегі «Аmanat» партиясы Жалағаш аудандық филиалының «Өңірді дамыту» мәселелері жөніндегі аумақтық қоғамдық кеңес отырысының №1 хаттамасындағы тапсырмалардың орындалуын да тілге тиек етті. Тарқатып айтсақ, Жалағаш кенті бойынша көктемде санитарлық тазарту, көркейтү және көгалдандыру екі айлығы барысында арықтарды тазарту жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ биыл жаз мезгілінде аяқ су тапшылығы орын алған болатын. Көнтте орта есеппен аяқ су 10 күн сайын берілген. Қазіргі таңда Жалтынов Далдабай ауылында аяқ су мәселесі шешімін таппай отыр. Бұған соңғы жылдары Сырдария өзеніндегі су деңгейінің едәуір төмендеуі басты себеп болғанын жақсы білеміз. Бірақ кешегі

шараға 29 жасқа толмаған, соңғы 3 жылда жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірген және еңбек өтілі жоқ түлектер қатыса алады екен. 30 қарашаға дейін 201 адам жолданып, жоспар 103 пайызға орындалыпты.

Айта кетейік, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы 29 жасқа толмаған, жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, оның ішінде НЕЕТ санатындағы жастарға алған көсібіне, мамандығына сәйкес жұмыс орындарын құруды көздейді, жалақы көлемі 61 260 теңгеден 91 890 теңгеге дейін, ал қатысу мерзімі 12-ден 18 айға дейін ұлғайған. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды кемінде он екі ай мерзімге тұрақты жұмысқа орналастыруға міндетті. 30 қарашаға дейін ауданда аталған жобамен 16 адам жолданып, жоспар 133,3 пайызға орындалыпты.

«Ұрпақтар келісім-шарты» жобасына 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған және 29 жасқа толмаған білім беру ұйымдары түлектері қатыса алады. Аталған жоба шеңберінде жұмысқа орналасқан адамға зейнеткерлік жасқа жетуге кемінде 6 ай қалған тәлімгер тағайындалады. Жалақы көлемі 61 260 теңгеден 91 890 теңгеге дейін артқан, қатысу мерзімі 6 айға дейін. Жұмыс беруші жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыссызды Еңбек кодексінің 38 бабына сәйкес, тәлімгердің жоқ жұмыс орнына немесе басқа бас орынға ауыстыруға міндетті.

Жоғарыда аталған субсидияланатын жұмыс орындар уақытша сипатта болды және бұл орындарға орналасқан адамның еңбек қызметінің кезеңі оның еңбек өтіліне есептеледі. Орталық директорының орынбасары биыл аталған жобамен 30 қарашаға дейін ауданда 5 адам жолданып, жоспар 100 пайызға орындалғанын айтады.

Мемлекеттік грантка келсек, жоспар 300 адамды қайтарымсыз қаражатпен қолдау көзделген. Оның 40 пайызы, яғни 120-сы 29 жасқа дейінгі жастар болуы керек. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша оқуын аяқтаған 162 жас комиссияның оң шешімін алып, жоспар 135 пайызға орындалыпты. Осылайша олар жалпы құны 198,5 млн теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болған.

Қоғамдық кеңесте қайтарымсыз қаражатқа ие болғандардың басым бөлігі мал шаруашылығы саласында көсіп бастауды өз жобаларына арқау еткені айтылып, іс бастауға ден қойған жастарға көсіптің басқа түрлерімен айналысуы үшін кеңес берілсе деген ұсыныс айтылды. Бұл ұсыныс орынды, өрине. Расында қатысушылардың басым бөлігі мал шаруашылығында көсіп ашуды көздейді. Алайда мамандар тарапынан кеңесте те беріліп жатыр. Бірақ олар өңдігі жерде «Сен мал шаруашылығымен айналыспайсың, көсіптің басқа түрін қолға аласың» деп оларға міндетті алмайды. Осы жағын да ескерген жөн секілді.

Кеңесте аудандық мәслихат депутаты Ахан Кенжебаев осыған дейін жұмыссыз жастардың үлесін 4,4 пайыздан 4,2 пайызға түсіру тапсырылғанын жеткізіп, бүгінде пайыздық көрсеткіште ешқандай өзгеріс жоғын жасырмады. Ал орталық директорының орынбасары алдағы уақытта да жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін тұсауға орталық тарапынан жұмыстар жасалатынын жеткізді.

Соңғы жылдары базар бағамының сан құбылғанын біріміз жақсы білеміз. Басқа да тауарларды былай қойғанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының шарықтауы бағаны реттеуге жауапты азаматтардың ба-сын қатырды. Кешегі қоғамдық кеңесте де соңғы мәселеге осы базар бағамы арқау болды. Жымыңда соңғы мәселемен қорытындылаған аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Нұржан Есенәлиев азық-түлік бағасын тұрақтандыруға байланысты атқарылған жұмыстарды саралады.

Бөлім қызметкерінің сөзінен, аудан-да әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтан-дыру мақсатында азық-түлік өнім-деріне тұрақты түрде бақылау жұмыс-тары жүргізіледі екен. Облыс әкімінің «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтан-дыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарла-рының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудандағы барлық сауда орындарына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түріне күнделікті мониторинг жүргізілуде. Бұл

жұмыстарға қарамастан жыл басынан бері 19 түрлі азық-түлік өнімдерінің 14-і қымбаттаған. Атап айтсақ, күріш 22,5 теңгеге, ұн 44 теңгеге, рожки 152,5 теңгеге, сиыр еті 100 теңгеге, тауық еті 430 теңгеге, сүт 228 теңгеге, айран 170 теңгеге, ірімшік 800 теңгеге, жұмыртқа 147,5 теңгеге, сары май 122,5 теңгеге, күнбағыс майы 32,5 теңгеге, пияз 52,5 теңгеге, қант 165 теңгеге, тұз 10 теңгеге қымбаттаған. Алайда жыл басынан бері арзандаған азық-түлік өнімдері де жоқ емес. Олардың қатарында қарақұмық жармасы, наң, қырыққабат, сәбіз бен картоп бар.

– Жалағаш ауданы бойынша ірі және шағын сауда орындарында ауданда өндірілетін және сырттан келетін 683,1 тонна азық-түлік өнімдерінің қоры бар. Оның ішінде ұн 118 тонна, күріш 120 тонна, қант 68 тонна, макарон117 тонна, күнбағыс майы 50 тонна, тұз 45 тонна, пияз 34 тонна, картоп 53 тонна, сәбіз 23 тоннаны құрайды, – Н.Есенәлиев.

Ол әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының қымбаттауын азық-түлік өнімдері негізінен Қостанай, Петропавл, Түркістан облыстарынан, Шымкент қаласынан тасымалдануымен байланыстырады. Тасымалдау шығын-дарына байланысты ауданда азық-түлік өнімдерінің бағасы өсіп жатыр екен.

Қазіргі таңда «Ақниет» көтерме сауда орны нан өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында «Байқоңыр ӘКК» АҚ-мен 68 тонна ұн алып, аудандағы нан өнімдерін дайындайтын кәсіпкерлерге ұсытируде. «Азық-түлік келісім-шарт» корпорациясы аудандағы азық-түлік тауарларын сататын ірі және шағын дүкен иелеріне келісім-шартқа сәйкес, төмен бағада қант сату бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Осыған орайда қант өнімін алуға «Ақниет» және «Бағдат» дүкендері қызығушылық танытып, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына ұсынылып, «Ақниет» сауда дүкені 64 тонна қант өнімін алып, келісін 490 теңгеден аудан тұрғындарына сатып отыр. Ал «Ақниет-2» көтерме сауда дүкені әлеуметтік бұрыш ашу жөнінде «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-мен меморандумға отырған. Қазіргі таңда әлеуметтік бұрыш ашылды, ондағы өнімдер базар бағасынан 10-15 пайызға төмен бағада аудан тұрғындарына ұсынылып жатыр.

– Азық-түлік өнімдерінің бағасына мониторинг жұмыстары күнделікті жүргізілуде. Көнт тұрғындары азық-түлік бағаларын негізсіз көтермелеп отырған үй жанынан ашылған 3 дүкенге шағым түсірді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағаларына жүргізілген мониторинг бойынша қымбаттаған азық-түлік тауар-лары анықталып, аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне 5 мәрте мемлекеттік қадағалау шараларын қолдануға хат жолданды. Осы орайда аталған бөлім зерттеу жұмыстарын жүргізуде, сан бұзушылық анықталған жағдайда тиісті шаралар қолданылады. Азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында биыл Қы-зылорда қаласында қала әкімінің бекіткен кестесі бойынша 2 рет ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмең-кесі ұйымдастырылды. Өнімдер қала тұрғындарына қолжетімді бағада ұсы-нылды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі кент орталығында 2 мәрте ұйымдастырылды. Айта кету қажет, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі қарсаңында өнімдердің бағасы базар бағасынан 15-20 пайызға төмен бағада сатылды. 3 желтоқсанда Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы өнім-дерінің жәрмеңкесі тағы да ұйымдас-тырылады. Алдағы уақытта азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын тұрақтандыру жөніндегі жұ-мыстар жалғасын табады, – деді бөлім қызметкері.

Бұған қатысты да біржақты пікір айту қиын. Халық тұтынатын өнімдер бағасы арзан болса дейді, ал кәсіпкерлер шығынды есептей отырып, арзан бағаға қайшы пікір айтады. Бірақ жергілікті шаруашылықтар Әліби Бекжанов секілді тәуекелге барса, өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай тығырықтан шығар амал табылатын сияқты. Халық қалаулысы, шаруашылық төрағасы 30 гектарға жуық бақша дақылдарын егіп, ауданда бірқатар өнімнің бағасын тұрақтандырғанын жақсы білеміз. Ал дәл осындай қадамға тағы да бір-неше шаруашылық барса, «Бағаның қымбаттауына не себеп?» деген сауал-дық түрліні тарқатылатын еді, бір жағынан мәселенің де шешімі болады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Осы аптада Жалағаш аудандық ішкі істер органының ардагерлері бас қосты. Аталған саланың ардагері Жанат Музапбарова жиыңға қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Ержановтың денсаулығына байланысты жұмысынан өз еркімен босағанын және ардагерлер кеңесінің жаңа төрағасын сайлау күн тәртібіндегі басты мәселе екеніне тоқталды.

Кеңес төрағасы сайланды

Ұзақ жылдар ішкі істер органында абыройлы қызмет істеген және зейнет демалысына шыққан соң да аудандық полиция бөлімінің ардагерлер кеңесін басқарған Базарбай Ержановтың әріптестері бүгінгі күнге дейін атқарған жұмысына жоғары баға беріп, жылы лебізін білдірді.

Жиында ардагерлер кеңесінің төрағалығына бірнеше үміткер ұсынылды. Өзара сарапалап, сараптап, ішкі істер саласының ардагері Болатбек Нұржановты кеңес төрағасына лайық деп бірауыздан шешім етті.

– Мен үшін әріптестерімнің маған деген сенімінен артық абырой жоқ. Біз зейнет демалысына шыққанымызбен осы саладағы жас мамандарға үлгі, өнеге болып, қызметтік тәжірибемізбен бөлісіп келе жатырмыз. Енді мен үшін сол жауапкершілік екі есеге ауырлады. Алайда сенім білдірген әріптестерім маған жұмыс барысында қолдау да көрсетеді деп сенемін, – деді Болатбек Нұржанов.

Жыын барысында аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Абзал Сералиев сапа ардагерлері Әмірбек Мұнарбаев, Мұхтар Хайдаров, Асылхан Абдрамановтарды "Ішкі істер органына – 30 жыл" төсбелгісімен марапаттады.

Мемлекеттің, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін ел тағдырымен байланыстырған аға буының тәжірибесі мен тәлімі жас мамандарға бағыт берері сөзсіз.

"ЖЖК" ақпарат

Сақтансақ, сақтайды

Пештен қатер келмесін

Ауа райы салқиндап, баршамыз қысқа дайындық үстіндеміз. Осы мезгілде көпшілік қауым үйлеріндегі пешін пайдаланатыны белгілі. Алайда көп жағдайда пешті қауіпсіз қолдану талаптары ескерілмей жататыны да жасырын емес.

Жылу беру маусымында тұрғын үйде орын алған өрттердің басты себептері пеш құрылысы кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамағандықтан және оны қауіпсіз пайдалану ережелерінің бұзылуынан болады. Сол себепті төмендегі қауіпсіздік ережелерін жадыңызда сақтаған дұрыс.

Пешті жағуға арналмаған басқа да отын түрлерін қолдануға, отты тез тұтандыру үшін бензин, керосин, басқа да тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға болмайды. Ақаулы пештерді қолдануға Пешті аса қыздырып жағуға, жаңып жатқан пешті қараусыз қалдыру да қауіпті. Пештің қыздырылатын бөліктерінен 0,5 метрден кем қашықта киім келтіруге немесе басқа да жанғыш бұйымдарды орналастыруға қатаң тыйым салынады.

Пеш құбырларын, мұржаларын уақытылы тазалауды, жарылған, сызат түскен жерлерін сылауды естен шығармаңыздар. Себебі ақаулы пештерді қолдану кезінде уай газбен уланудың, яғни иіс тиюдің қаупі артады.

Сонымен қатар қазіргі таңда көпгірді отынды пайдалану-шылар күн санап артуда. Осы орайда газды қауіпсіз пайдалану ережелерін басты назарда ұстап, лицензиясы бар арнайы мамандардың ғана көмегіне жүгініп, сертификатталған газбен жылыту құрылғыларын ғана пайдаланған абзал.

Қолдан бейімделіп құрастырылған газбен қыздыру құрыл-ғыларын пайдалануға қатаң тыйым салынады. Себебі газдың шығып кетуі адам ағзасын улау және жойқын жарылыс жасап, арты үлкен шығынды өртке ұластырып, адам өміріне қауіп төндіретінін естен шығармайық.

Сондықтан баспанамыздың қауіпсіздігіне нөмқұрайлы қара-май, өрт қауіпсіздігі талаптары мен газды қауіпсіз пайдалану ережелерін қатаң сақтайық. Жоғарыда көрсетілген ережелерді ескере отырып, сіз жазатайым оқиғаның және қайғының алдын аласыз. Кез келген төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 телефонна хабарласыңыздар. Жалағаш ауданы-ның төтенше жағдайлар бөлімінде 31-2-07 телефоны жұмыс жасайтынын ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Адал кәсіпте береке бар

Біз соңғы уақытта кез келген өзен-көлдерден, басқа да су айдындарынан балықты рұқсатсыз және мөлшерден тыс аулап жүміз. Судайы тіршілік иелерінің улықорық шаашатын кезінде немесе тыйым салынған аймақтарда өзен-суларды брокерлік жолмен балық аулайтындыр бар. Солардың салдарынан балықтың кейбір түрлері азайып бара жатыр. Суы тарылған тоғандардағы ірі балықтарды ғана ұстап, майда шабақтарды қалды, нәтижесінде су құрғағанда қаншама шабақ қырылып қалады. Ал ішын мәнінде өрбір азамат ең алдымен қоршаған ортаның қамын, табиғаттың тала-төдігін ойлап, тартылған суда тұнылып жатқан шабақтарды да құтқару ісін ойлағаны абзал. Мындаған майда шабақтар құтқарылса, өзен-көлдің байлығы артып, адамзаттың несібісе де еселенер еді. Тағы бір айта кететін жайт, бүгінде балықты кәсіби қызығушылықпен немесе кәжіптіктен емес, ермек үшін аулайтындардың қатары көбейді. Ең сорақасы, бұл топтағылар қармақпен, ау-тормен емес, электрлі құрылғымен, нақтырақ айтсақ жоғары кернеулі тоқпен соғып, судайы тіршілік атаулыны бір мезетте жойып жібереді. Бұның тек балыққа ғана емес, қоршаған ортаға, табиғатқа да залалы тиеді және соңы орны толмайтын экологиялық апатқа әкелуі ебден мүмкін.

Қазірде кез-келген ауылдың айналасында ірілі-ұсақты көлдер бар. Бірақ, солардың көбінде балық жоқ. Сондықтан балық өсіріп, көбейтетін арнайы питомниктер салмасақ та, бас жатқан кішігірім су айдындарын пайдалануға балық шаруашылығын қолға алуға болады ғой. Ақыр ауылының маңындағы Шағала келін кәсіпкер ретінде жеке иеленілгенде алып, балық шаруашылығымен айналысп келе жатқанымызға бірнеше жыл болды. Балықшылық – кәсіп. Алайда, бұл кәсіпті ұстап тұру үшін және ұлғайту үшін көп еңбектену керек. Су айдынын қорғау, ондағы экологиялық балансты бақылап отыру, суды уақытылы жаңалап тұру, судайы балықтың өсіп-өнуіне жағдай жасап, құтпме алу, қолдап меңдеу, кей жағдайларда шабақтарды құтқару, кәсіптік балықтардың тұқымын көбейту секілді жұмыстар жүйелі үйлеструді және қақырып еңбекті қажет етеді және оның барлығы заңға сәйкес өзінің белгіленген нормалары бойынша жүргізілуі тиіс.

Біз қаір тек балықты өсіру және көбейтуге басымдық беріп отырмыз. Жоғарыда айтылған талаптардың барлығына заңдылығына сәйкес орындаймыз. Балық суда тіршілік кешкенімен оларға да жеткілікті мөлшерде уаға керек, сол үшін көлді қажетсіз балдырлар және басқа да қауіпті заттардан тазалап тұрамыз. Алдағы уақытта кәсібімізді кеңейтуді жоспарлап отырмыз.

Жеңісбек ТҰРМАХАНОВ, «Дидар» ДК төрағасы

Хабарландыру

Б.Құлтекенов атындағы жабық бассейн 7 жастан 11 жасқа дейінгі жасөспірімдерді жазу үйірмесіне қабылдайды. Онда балаларға жүзу спорты үйретіледі. Қабылдау теңі.

Мекен-жайы: Дәуімбай елді мекені, Ұлы Жеңістің 50 жылдығы №20 б. Тел 21-2-68

ТҰМА

балалар шығармашылығына арналған бет

ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек келді. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!

Қыста

Жер ақ көрпе жамылды,
Қыс біз үшін қадірлі.
Бақшадағы бар ағаш,
Күміс моншақ тағынды.

Барлық бала шаттана,
Жасап жатыр аққала.
Қаламенен дала да,
Ораныпты мақтаға.

Тамаша ғой қыс мүлде,
Жарысқа сен түстің бе?
Зымырандай заулаймыз,
Жаттыр муздың үстінде.



Тырна

Жайдары жаз жырлады,
Әсем әннің ырғағы.
Көрдік біздер сулардан,
Тыраулаған тырнаны.

Мойыны бар құрықтай,
Сирақтары – сырықтай.
Тұмсығы бар сүңгідей,
Құйрығы бар жұлықтай.

Қатты шығар кейде үні,
Бар оларда «би күні».
Жұп боп вальс билейді,
Ғажап сондай қимылы.



Қар барысы

Мекені бұл барыстың,
Биікте әрі алыс тым.
Таудан тамақ іздейді,
Кезіп жүріп қар үстін.

Қадамы сақ оның әр,
Көкшіл, теңбіл тоны бар.
Құйрығы ұзын қар сызған,
Өзі салған жолы бар.



Еріншектің ермегі

Жапырардай сол күймен,
Жау тұрса да жолында.
Ершат шықты төргі үйден,
Планшеті қолында.

– Менде бәрі бар енді,
Демеңіздер күші кем.
Басқарамын әлемді,
Саусағымның ұшымен.

Оқымай-ақ кітапты,
Әлем тілін білемін.
Ойын деген тым тәтті,
Ғаламторға кіремін.

Қажет оған ақыл көп
және айла мен еп керек.
Алыптармен батыр боп,
Алысамын жекпе-жек.

Ән бе, күй ме, биің бе,
Үйретемін көпке мен.
Отырып-ақ үйімде,
Футбол ойнап, доп тебем.

Жарамдысын алысқа,
Таңдап түрі-түсінен.
Озып келем жарыста,
Көп көліктің ішінен.

Бұл басқа ойын, ал енді,
Кім тұрады жолыма?
Құтқарамын әлемді,
Қару алып қолыма.

Іздегенге мол дерек,
Көре аламын алысты.
Ғаламторда дөңгелеп,
Аралаймын ғарышты, –

Деп, балақай мақтанып,
Баса алмай тұр пәлігін.
Ал, әкесі оқталып,
Айтты ұлына ақылын.

– Апарады қайда алып,
Айтқанымды ұқпайсың.
Планшетке байланып,
Далаға бір шықпайсың.

Ғаламторды мақтайсың,
Балам, бәрін түсінем.
Бірақ, ғылым таппайсың,
Саусағыңның ұшымен.

Түрлі дертке себеп қой,
Болса бойың құрысқақ.
Қимыл жасау керек қой,
Таза ауамен тыныстап.

Ата-анаңның сөзі – үлгі,
Тыңдамасаң қиын-ды.
Сақтау керек көзіңді,
Сақтау керек миыңды.

Қозғалыссыз болмайды,
Данамын деп бөс, мейлі!
Ақыл-ойың толмайды,
Бойың биік өспейді.

Ғылым қусаң құба-құп,
Ой бөрінен озды алыс.
Бірақ, балам, мынаны ұқ:
Ғылым деген – қозғалыс!

Жақсы мен жаман

Жаман бала белгісі:
Мақтаншақ деп айт өзін.
Жоқ оған бір тең кісі,
Тыңдасаң да қай сөзін.

Жақсы бала белгісі:
Арнасынан таспаған.
Арналатын елге ісі,
Сол ертеңгі жақсы адам.



Еңбек

Таңмен тұрып таласып,
Шиқыдайды торғай да.
Жасыл қырдан әрі асып,
Ұшып кетті ол қайда?

Жеген астың бәрі адал,
Еңбек етсең жан қинап.
Бір тынбайды аралар,
Гүлге қонып бал жинап.

Қарсы қимыл қиынға,
Ол – еңбек қой, ұқса кім!
Жаңғақ жинап тиін да,
Жаз ойлап жүр қыс қамын.

Дән шығарды дөңбекке,
Кұмырсқа да тырбанып,
Баулы өзінді еңбекке,
Осылардан үлгі алып.



Қоңырбек пен Содырбек

Шолжан, сотқар Содырбек:
«Менің жүрер жолым», – деп.
Алдыңдағы балаға,
Ербедетті қолын кеп.

Сөзінде бар көп ілмек,
Естуші еді содыр деп.
Соқтықысы келмеді,
Қойдан жуас Қоңырбек.

Әкесі айтқан әу баста:
«Сотанақпен жауласпа».
Басқа жолға түсті тез,
Дау тілемей сау басқа.

Бар айбаты қолында,
Сотқар тұрса жолында.
Соқтықаған Қоңырбек,
Ақылды ма, момын ба?



Салақ

Шаптаразға бармайды,
Тырнақтарын алмайды.
Қорқады айтсаң су жайлы,
Бетін, қолын жумайды.

Кімі тез кірлейді,
Тазартуды білмейді.
Тұрған түйме тізіліп,
Қалады ылғи үзіліп.

Шаңдатады көшені,
Шапшық суды кешеді.
Балағы да үнемі,

Батпақ болып жүреді.

Кітап беті қырқылған,
Дөптерлері жыртылған.
Сия тамып «сырланған»,
Сөмкесі де былтанған.

Міне, салақ баланың,
Сипаты – осы, қарағым!
Ойлан, сен де ендеше,
Салақ болғың келмесе!



Әдепсіз

Барлығына «сен» дейді,
Еш ақылға келмейді.
Кездескенде үлкенге,
Салемін де бермейді.

Есті сөзге ермейді,
«Менің орным – төр», – дейді.
Автобуста үлкенге,
Тұрып орын бермейді.

Тыңдамасын ел мейлі,
Қолдарын көп сермейді.
Көпшіліктің ішінде,
Үлкенге сөз бермейді.

Ақыл айтсаң көнбейді,
Өзімдікі жөн дейді.
Әдепсіздің қылығын,
Өз бойынан көрмейді.



Мерей



Жүрегі туған жерге ғашық әлі

Кеше Жалағаш аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде Сыр елінің белгілі азаматы, қарымды қаламгер, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Бейбітбек Бүркітбайұлының 70 жас мерейтойына арналған «Жүрегім туған жерге ғашық әлі» атты шығармашылық кеш өтті.

Айта кетейік, Бейбітбек Бүркітбайұлының есімі аймаққа ғана емес, республика көлемінде де кеңінен танымал. Еңбек жолын аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінен бастаған ол бүгінге дейін республикалық «Заң», «Ана тілі», «Алтын орда», халықаралық «Қазақстан-Заман» секілді беделді басылымдарда абыройлы қызмет атқарды. Кәсіби журналист ретінде қоғамдағы қайшылықтарды, әлеуметті толғандырған өзге де өзекті тақырыптарды көтеріп, айқын кезқарасымен танылды. Сол еңбегіне орай «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстанның құрметті журналисі», «Қазақ журналистикасының қайраткері» атақтарын иеленген.

Әсерлі кешті Жалағаш ауданы әкімі Асқарбек Есжанов ашып, жалағаш халқын бүгінгідей салтанатты өнер көшімен құттықтап, мерейтой иесі, белгілі қаламгер Бейбітбек Бүркітбайұлына өзінің ізгі лебізін білдірді.

— Абыздар мен аңыздарға мекен болған Жалағаш топырағы таланттардан қашанда кенде емес. Тарихқа көз жүгіртсек, XIX ғасырдан бері қарай осы киелі топырақта нөбір ақындар, жазушылар, қайраткерлер туып-өсіп, құрметке бөленді. Расында адамның табиғаты жалпы мінез-құлқымен, ұстанымымен шырайлы үйлесім табады. Бейбітбек ағамыздың қаламы да қарымды, мінезі де қуатты, ұстамдылығы бөлек. Олай дейтініміз, өзінің еңбек жолын ауылда қарапайым жұмысыдан бастап, табиғат берген талант оны қарымды қаламгер, белгілі журналистке айналдырды. Өмір жолында басшы да болды, қосшы да болды. Бірақ билік пен атақтың соңына ермеді. Туралықты ту қылды, сара жолды бағдаршам етті. Өзінің қарымды қаламы арқылы өткір сынап, қоғамның кереғар тұстарын сын тезіне салып, түзеуге ықпал етті. Замананың түзелуіне, елдің еңсе тіктеуіне, әлеуметтің әлеуеті

көтерілуіне қарымды қаламын найза етіп, үлес қосты. Қазақта мынадай керемет сөз бар «Пенде алты жасқа дейін және алпыс жастан кейін бала болады» деген. Бізге емес, тұғырлы туған жердің алдына бала болып бас иіп келіп отыр. «Жүрегім туған жерге ғашық әлі» аталған кештің аты да осы сөйкестікті мойындап тұрғандай, қандай керемет! Әркімге туған жері — Мысыр шаһары. Аламан дәуірдің ішінде атыңыз оза берсін! Жазарыңыз, келешекте де елге береріңіз мол екеніне сенімдімін. Мерейтойыңыз құтты болсын, — деді аудан басшысы.

Шара барысында мерейтой иесіне сый-сияпат жасалып, Жалағаш жұрты атынан ардагер-журналистің арқасына шапан жабылып, ерекше құрмет көрсетілді.

Мұнан соң әсерлі кеште қаламгермен кезінде қызметтес болған замандасы Қожантай Құлмақанов, Қоғажай Ергалиқызы әдемі естеліктерімен бөлісті.

Кештің шарықтау шегінде мерейтой иесі Бейбітбек Бүркітбайұлының «Зан-жілді зар», «Алаңжар» атты жаңа туындыларының тұсауы кесіліп, шығармалар қалың оқырманға жол тартты.

Кеште жергілікті өнерпаздардың орындауында әуеленген әсем өн де айтылды, мақамы сазды терме де елдің құлақ құрышын қандырды.

«Жүрегім туған жерге ғашық әлі» деген атауды иеленген бүгінгі жүз-десу еркін үлгіде өтіп, оқырман мен шығармашылық өкілінің арасын асыл рухты алтын жыр арқауымен байланыстырып, өнердің биік шыңына шыққандай әсерге бөледі. Туған жерге деген бала махаббатын жетпіс жастың желкенін керген шақта бар болмысымен мойындап, дүйім елге тағзым өткен үлкен жүректі азаматтың ел алдында есеп беруі, тұғыры биік туған жерге тағзымы деп түсініп, сүйсіне көз соқты қалың жұртшылық. «Туған жердің алтындай сары құмы» деп өзі жырлағандай, сары ұлының алтындай сары құмына әлі берер ризықты дүниесі мол екеніне шүбә келтірмеді. Өріне Жаратқан қолдасын!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Ойтаразы

Ұзақ өмір сүрудің сыры немесе ой тазалығы

Ғалымдар әлі күнге адамды мәңгілік етудің, тым болмаса өмірді екі жүз, үш жүз жылға ұзартудың амал-айласын таба алмай келеді. Алайда ғылыми зерттеулердің нәтижесінде жер тұрғындарының ішінде ең ұзақ жасайтын және көп ауырмайтын жапон халқы екені белгілі болды және оның құпия сыры жапондықтардың өздеріне ғана аян. Әйтсе де осы бір сырбаз жаратылысты жапондар өздерінің ұзақ жасауының сырын жанның, яғни ойдың тазалығында екенін айтады.



Расымен тұрмыс-тіршілігіне қарап отырсаңыз, осы күншығыс еліндегі адамдардың ашуланат жүргенін көрмейсіз. Бір-біріне иіліп итіліп білдіріп тұрады. Анадан солай туатын секілді. Жапондар таңертең үйкеден күліп оянады екен. Жұмысқа бара жатып, жолай қарама-қарсы кездескен бейтаныс адамдар бір-біріне асқан мейібан жүзбен күлімсірей қарап, жылы амандасып өтеді екен. Жұмыстан қайтар кезде де осындай ерекетті қайталайды. Бұл олардың өбден әдетіне айналып, өмірлік қағидасы болып қалыптасқан. Балаларын да көз келген жағдайда өз эмоциясын басқара алатындай етіп тәрбиелейді екен және тәрбие жүйесі қатып қалған қағидаға негізделмеген, өздерінің сап-дәстүріне айналып кеткен табиғи жолмен ғана баулиды. Яғни олар бірауыз теріс сөзімен біреудің жүйкесіне тиіп, денсаулығына залал келтіруді үлкен қылмыс санайды. Осы табиғаты жұмбақ халықта «күліп тұрған адамға ешкім таланша тақай алмайды» деген әдемі мақал бар екен...

Иә, жапондар — өте кішіпейіл, сыйпай, ізетті және еңбекқор халық. Сонымен бірге ақылды, интеллектуал жаңашыл Жапондар жасаған әрбір жаңа технология әлемді таңғалдырып келеді. Әсіресе осы ғасырда жетілдірілген нанотехнология жапондардың абыройын асырып жіберді. Жапондар үшін ең жағымсыз сөз «ақымақ» деген сөз екен. Осыдан-ақ олардың ғаламдық дамудың қай сатысында тіршілік кешіп жатқанын бағамдай беруге болады. Бір сөзбен айтқанда, өзгелерді күшпен емес, ақыл-ой қабілетімен, жылы жүзімен жаулаған халық. Сөйте тұра дарақылдыққа бой алдырмайды, бос мақтанға, ысырапшылыққа салынбайды, сол баяғы күлімдеген ізетті қалпынан бір танбайды.

Осы жапондарда отбасында отырып жасайтын бір таңғаларлық тәжірибе бар екен. Жанұя мүшелері ортаға бір кесеге топтырып су құяды да, барлығы сол кесеге суға теріс әсерлі жаман сөздерді борататынын көрінеді. Содан соң екінші кесеге су толтырып, оған оң әсерлі, өте жақсы сөздерді айтады екен. Содан соң екі кесеге суға арнайы құрылғымен зерттеу жүргізеді екен. Сонда кілең теріс энергия қабылдаған алдыңғы ыдыстағы судың құрамы лезде бұзылып, қарайып кетеді екен де, керісінше екінші ыдыстағы судың құрамы күшейіп, мөлдіреп, бұрынғыдан да тазара түседі екен. Демек жапондар бұдан судың да қабылдау және есте сақтау қабілеті болады, ал адам денесінің тоқсан пайызы судан тұрады, күнделікті әрбір адамға бағытталып айтылатын жақсы-жаман сөздерді ағзамыздағы сұйықтық өзіне жазып алады деген қорытынды шығарған. Ғажап! Қисынға келеді. Біз де мұны өз түсінігімізге салып екішөл көрсек, егер адам айналасынан үнемі жаман сөз естіп жүретін болса, сол адамның бойындағы судың құрамы бұзылып, денсаулығына кері әсерін тигізеді. Соның нәтижесінде оның бір мезетте миллиондаған жүйке талшықтары өліп, ағзасында уақытшаан бұрын қартаю үдерісі жүреді немесе дертке шалдығады. Ал құлағы сырттан үнемі жақсы сөзді қабылдаса, бойындағы су тәжірибе көрсеткендей, өзін-өзі тазарту қасиетіне ие болып, адамның ұзақ жасауына мүмкіндік туғызады. Жаңа жапондарды интеллектуалдық қабілеті өте жоғары халық екенін айттық қой. Мүмкін оның сыры тек денсаулықты ғана сақтап, ұзақ өмір сүрудің амалымен шектелмейтін шығар. Адам бойындағы судың тазалығы оидың тазаруына, мидың «ұйқыда» жатқан қыртыстарын оятуға, ой қабілетін арттыруға әсері бар болар.

Осындайда бұрынғы бабаларымыз еске түседі. Бойын, ойын таза ұстаған кісілерді тақуа деуші еді үлкендер. Дін жолын ұстанып, біреулер туралы күніп сөйлеуден өзін үнемі тыиып, тіпті жаман сөз айтылып жатқан жерде құлағы тас болып бітеліп қалатын сондай тақуалар бірең-сараң болса да әр ауылда бар еді. Оның арғы жағында бұрынғылардың «Ішіндегіні ағын суға айт, тартып алады, ағызып алып кетеді. Тазарып қаласың» деп отырғанын да естіп едік. Сол тірі жанға қиянат жасамай, жүз жасаған тақуа бабаларымыз бойындағы суды тазарту арқылы көп жасаудың әдісін «қарғыс алма, алғыс ал» деген сөзбен кейінге қалдырып кеткен еді. Бірақ біз бабалардан қалған қай сөзді түгендеп, танып жүр едік. Түгендемек түгіл құлағымызға да ілмейді. Әйтпесе қазақ халқынан қосқан данышпан, сыйпай, қайырымды, мейірімді, ізетті, ақсақал халық бар ма?!

Қуат АДИС

Футбол



Әлем біріншілігі — 2022: 1/8 кезеңде кімдердің жолы түйісті?

Футболдан әлем біріншілігінің топтық кезеңінен шыққан командалардың алды анықталып жатыр. Тіпті 1/8 кезеңінде кездесетін командалар да белгілі болуда. Иә, Катардағы аяқдоп шеберлері арасында тартысты бәсекеде жанкүйерлер күтпеген жағдайлар бірінен кейін бірі орын алды. Осыған дейінгі қос кездесуде 4 ұпайды қоржынға салған Нидерландының топтық кезеңнен бірінші болып шығатыны белгілі болды. Себебі Катардың әлем біріншілігіне іріктеусіз жолдама алғанын жақсы білеміз. Алайда 3 кездесуде 1 ұпай да алмаған ұпайды құрамаға жанкүйерлері қапалы шығар. Осылайша алаң қожайындарының бұл турнирде қоржыны бос қайтты.

Топ басындағы командамен тең ойында Эквадордың плей-офф кезеңіне өтуге толықтай мүмкіндігі болды. Алайда оны ұлттық құрама ойыншылары өз пайдасына шеше алмады. Сенегал С.Манессі де мағыналы ойын өрнегін көрсетті. Бірінші болып, ұлттық құрама сапындағы Исмаила Сарр есеп ашып, жеңістің ауылын жақындатты.

Мұнан кейін Эквадор таразы басын теңестіруге тырысып бақты және сол мақсатына жетті де. Ойынның 67 минутында «Брайтонның» жартылай қорғаушысы Мойзес Кайседо Менди күзеткен қақпада әріптесі Ф.Торрес асырған допты тұлпатты.

Есепті еселеуге сенегалдықтарға көп уақыт қажет болмады. Арада 3 минут өткенде К.Кулибали жеңіс голын салып, жолдаманы қолдан жұлды. Бүгін Нидерланды АҚШ-пен кездессе, сенбінің кешінде Сенегал Англиямен келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салады.

Әлем біріншілігінің 1/8 кезеңінде Нидерландыға қарсылас болу үшін Иранға 1 ұпай да жеткілікті еді. Бұл топтан АҚШ-ты ағайыны Англия алып

шықты десе де болады. Ойынның 38 минутында Иран қақпасына «Челси-дің» жартылай қорғаушысы К.Пулиш салған гол АҚШ құрамасын алға шығарды. Мұнан кейін Иран ойыншылары қанша шабуыл ұйымдастырғанымен есеп еш өзгеріссіз қалды.

Англия соңғы кездесуде Уельсты айқын басымдықпен жолдан ысырды. Қақпасында 3 мәрте доп тұлғаған олар да 1 ұпаймен еліне оралатын болды.

Сенегал да оңай шағылатын жаңғақ емес. Нидерландының да АҚШ-пен өтетін ойында аянып қалмасы тағы анық. Десе де біздің ішкі түйсік «1/4 кезеңіне Нидерланды мен Англия өтеді» дейді. Бұған дейін де күтпеген жағдайлар орын алды. Алдағы уақытта да ойын өрнегі басқа арнаға бұрылып кетуі ғажап емес. Сондықтан бұл — жай ғана біздің болжам.

Францияда осыған дейінгі чемпиондық атақты сақтап қалуға мүмкіндік мол. Ұлттық құрама ойыншылары да бабында екен. Бірінші кездесуде қарсыласы алдымен есеп ашса да, аз уақытта ес жиып, алғашқы таймда-ақ жеңісті қолдан жұлды. Осыған дейін бір

жеңіп, бір жеңілген Даниямен кездесуде де толық 3 ұпай қоржынға салды. Ал Туниспен өтетін ойында олар жеңілсе де топтық кезеңде көш бастайды. Бірақ аз ғана айырмашылықпен, өріне. Ойын солай өрбіді де, 1:0 есебімен жеңіске Тунис жетті. Бірақ бұл жеңіс олардың келесі кезеңге өтуіне көмек болған жоқ.

Туниспен өткен ойында жалғыз голмен 3 ұпай олжалаған Австралия Даниямен өткен кездесуде де дәл осы есепті сақтап қалды. 60 минутта М.Леки салған жалғыз гол командасына жеңіс әкелді.

Осыған дейін Аргентинаға есе жіберген Польша күні ертең Франциямен кездеседі. Ал Австралия Аргентина аяқдоп шеберлерімен келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салады.

Алғашқы кездесуде Сауд Арабияға есе жіберсе де Аргентина өз тобында көш бастады. Соңғы ойында қарсыласына есе жібергенімен бұған дейінгі қос кездесуде жиған 4 ұпайы Польшаны әлем біріншілігінің 1/8 кезеңіне шығарды.

Канада, Хорватия, Белгия, Марокко. Бір топтағы 4 мемлекеттің ұлттық

құрамасы. Канадан басқа командаға мүмкіндік бар. Белгия ол үшін Хорватиямен өтетін ойында 3 ұпай қоржынға салуы тиіс. Ал қарсыласына таразы басын тең ұстаса, жеткілікті. Мароккоға кестенің соңғы сатысына жайғасқан Канада да оңай қарсылас емес. Бірақ Х.Зиеш, Хакими сынды тәжірибелі аяқдоп шеберлері бар ұлттық құрама бұл топта көш бастады. Ал таразы басын тең ұстаған Хорватия екінші орынмен 1/8 кезеңіне жолдама алды.

Бұған дейін Коста-Риканы 7:0 есебімен жеңіп, Германиямен тең тарқасқан Испания неге Жапониямен кездесуде сыр берді? Бұл жерде бас бапкер Л.Энрикенің ұстанымы басқаша болған сияқты. Алдағы ойындарда кездесіп қалған жағдайда Жапония — Германияға қарағанда жеңіп қарсылас. Ал өлгідей ойынымен алдағы кездесулерде жолы түйіссе, Х.Флик шөкірттерінің Испанияны кешірімейтін анық.

Өз тобында көш бастаған жапондықтар әлем біріншілігінің 1/8 кезеңінде Хорватиямен кездеседі. Ал көш басында тұрып, бір саты төмен сырғыған Испания Мароккомен 1/4 кезеңінің жолдамасын сарапқа салады.

Топтан қосақтылып шыққан басқа да командалар бар. Олардың қарсыластары да бүгін анықталды. Ал 1/4 кезеңге кімдер өтеді? Ол жағы тағы да беймәлім.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 2050

Кезекші редактор: Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ